

## АТЫРАУДАҒЫ "ШЕЛЬФ" МЕХАНИКАЛЫҚ ЗАУЫТЫНДА АЛУАН НЫСАНАЛЫ ТІКҰШАҚТАР ӨНДІРУДІ ҰЙЫМДАСТАҮРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 26 қаңтар 1994 ж. N 100

Атыраудағы "Шельф" механикалық зауытында алуан нысаналы тікұшашқтар өндіруді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің, "Қорғай" Ұлттық акционерлік компаниясының, Атырау облыстық әкімінің және Атыраудағы "Шельф" механикалық зауытының осы зауыттың негізінде жылына қуаты 100 дана МИ-52 алуан нысаналы жеңіл тікұшашқтар шығаратын қазақстандық-ресейлік өндіріс құру жөніндегі бастамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, "Қорғай" Ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, басқа да мүдделі ведомстволармен, оған занды, жеке тұлғалардың және шетел инвесторларының үлестік қатысуын ескере отырып келісілген, алуан нысаналы жеңіл тікұшашқтар өндірісін құрудың және оны қаржымен қамтамасыз етудің бағдарламасын екі ай мерзімде әзірлесін әрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне бекітуге табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі аталған бағдарламаны жүзеге асыруды Үкіметтің аса маңызды тапсырмасы деп есептесін және 1994 жылдан бастап жыл сайын Атыраудағы "Шельф" механикалық зауытына Қазақстанның Экономикасын қайта құру қорынан осы бағдарламаға сәйкес көлем мен мерзімде қажетті кредит бөлөтін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі